



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ
С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

СӨЖ №1 (2)

ТАҚЫРЫБЫ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІ

**ОРЫНДАҒАН: ЕСПОЛОВА АЙМАН
ТЕКСЕРГЕН: КАРСЫБАЕВА Қ.А.**

АСТАНА 2019

АГРАРЛЫҚ-ӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІ (АӨК) – МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСАТЫН ЕЛІМІЗДЕГІ МАҢЫЗДЫ САЛАНЫҢ БІРІ. АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУГЕ ЖӘНЕ СОЛ ӨНІМДІ ТҰТЫНУШЫҒА ЖЕТКІЗУГЕ ҚАТЫСАТЫН БАРЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАЛАРЫН БІРІКТІРЕДІ.

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕННІҢ МАҚСАТЫ – ХАЛЫҚТЫ АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН, ӨНЕРКӘСІПТІ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ШИКІЗАТТАРЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ЕЛІМІЗДІҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ.



- Ауыл шаруашылығы кешені үш функционалдық саланы біріктіреді: -
 ауыл шаруашылығы үшін өндіріс құралдары мен қызметтер өндіретін қор
 қалыптастырушы салалар; - ауыл шаруашылығы
 (өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы); - ауыл шаруашылығы шикізатын
 дайындау, сақтау, қайта өндіруді және АӨК-тің соңғы өнімін өткізуді
 қамтамасыз ететін өндіріс пен салалардың жиынтығы.



- Ауыл шаруашылық жерінің жалпы көлемі 222,3 миллион гектар, оның ішінде егістік жер 36 миллион гектар, жайылымдық жер 182 миллионнан астам гектар және шабындық жер 5 миллионға жуық гектар құрайды. Әрбір жан басына шаққанда шамамен 2,2 гектар жерден келеді. Бұл дүние жүзіндегі ауыл шаруашылығы жағынан дамыған көптеген елдердегіде әлдеқайда көп. Соңғы жиырма жылдың ішінде жыл сайын орташа есеппен 24 миллион тоннаға жетегабыл ет, 3,5 миллион тоннадан астам сүт және 100 мың тоннаға жуық жүн өндірілді.

- Ауыл шаруашылығы дақылдарын жинау санаулары бойынша:
- Егілген күздік бидайдан 7483 тонна, жаздық бидайдан 2695 тонна, арпадан 368 тонна, дәндік жүгеріден 3849 тонна, тарыдан 1766 тонна өнім алынды.
- Орта өнім күздік бидайда 20,6 ц/га, жаздық бидайда 11,3 ц/га, арпада 8,3 ц/га, дәндік жүгеріде 37,4 ц/га, тарыда 28,2 ц/га алынды.
- Негізгі дақыл күріштен барлығы 473 422 тонна өнім жиналып орта өнім 54,5 ц/га алынды.
- Сондай-ақ, картоптан 75 412 тонна, көкөністен 110 013 тонна, бақшадан 179 281 тонна өнім жиналды. Орта өнім картопта 174,5 ц/га, көкөністе 202,2 ц/га, бақшада 235,7 ц/га алынды.
- Майлы дақылдар бойынша: мақсарыдан 8 317 тонна және күнбағыстан 179 тонна өнім жиналып, орта өнім мақсары 9,6 ц/га, күнбағыс 13,7 ц/га құрады.

• **Өсімдік шаруашылығы саласы бойынша:**

• 2018 жылы облыс бойынша 184,5 мың гектар жерге ауылшаруашылығы дақылдары орналасты. Оның ішінде дәнді дақылдар 95,3 мың га, майлы дақылдар 10,3 мың га, мал азықтық дақылдар 61,5 мың га, картоп, көкөніс, бақша 17,4 мың га. Негізгі дақыл күріштің көлемі 87,3 мың га.

• **Мал азығын дайындау:**

• Құнарлы мал азығын дайындау үшін ескі жоңышқа дақылы 2 рет орылып, барлығы 188 963 тонна, жаңа жоңышқадан 17 914 тонна, түйе жоңышқадан 60 тонна, барлығы 206,9 мың тонна шөп және 7 750 тонна сүрлем дайындалды.

- **Күзгі дала жұмыстары және тұқым дайындау:**

- Қазіргі кезде ауыл шаруашылығы құрылымдары келесі жылдың егісі үшін қажетті 21,3 мың тонна күріш тұқымынан, бүгінгі күнге 22,6 мың т күріш тұқым (106 %) артығымен дайындалды.

- **Мал шаруашылығы :**

- Облыс бойынша 2019 жылдың 1 қаңтарына статистикалық мәліметтерге сәйкес 324,0 мың МІҚ, 612,8 мың бас қой мен ешкі, 136,4 мың бас жылқы, 45,7 мың бас түйе, 1,9 мың бас шошқа және 127,4 мың бас құс тірі.



- **Ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу саласы бойынша:**
- 2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айларындағы статистикалық деректер бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің өңдеу саласында барлығы **40,0 млрд.** теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда **104,0%**-ды құрады.
- Есепті кезеңде **162 697 тонна** күріш жармасы өңделіп, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда **103,9 %**-ға артқан.
- Сондай-ақ, жас немесе тоңазытылған ет **18,3%**-ға, шұжық **2,3%**-ға, балық **1,4%-ға**, сары май **2,8** есеге, ірімшік және сүзбе **95,8%**-ға, көкөніс консервілері және жеміс пен көкөніс шырындары **5,0** есеге артқан.
- Өңделген сұйық сүт және кілегей тонна **16,8%**-ға, өзге де сүт өнімдері **19,6%**-ға кеміген

- **Ауыл шаруашылығын цифрландыру бойынша:**

- 2022 жылы Қызылорда облысында «Е - АПК» Бағдарламасы аясында «нақты егіншілік» бойынша 1 «сандық» ферма, 143 «озық» ферма құру көзделсе, мал шаруашылығындағы «ақылды» фермалар бойынша 1 «сандық» ферма, 142 «озық» ферма құру көзделген. Аталған бағдарламаның негізгі бағыттары бойынша облыста келесідей жұмыстар атқарылуда:

- ***Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мен процесстерді автоматтандыру бойынша***

- 1) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің электронды картасын қалыптастыру. Қазіргі уақытта Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Qoldau.kz» ақпараттық порталында мемлекеттік жер кадастрының деректеріне сәйкес, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің барлық алқаптары бойынша электронды картасы қалыптастырылуда. 2018 жылы егістік (пашня) алқаптарының электрондық картасына жалпы көлемі 191,9 мың гектар (жоспардың 106,2%) болатын 603 шаруашылықтың 21 824 егіс танаптары (поля) енгізілді. Ал, жайылымдық жерлердің электрондық картасын жасау қазіргі уақытта 39,0 пайызға орындалып 731,4 мың гектарды (республика бойынша 11-ші көрсеткіш) құрап отыр. Аталған шаралар ағымдағы жылы да жалғасатын болады.

- 2) Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге берілетін мемлекеттік субсидияларды электронды түрде жүзеге асыру. Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Qoldau.kz» ақпараттық порталы арқылы жыл басынан минералды тыңайтқыштарды субсидиялауға байланысты ауылшаруашылығы құрылымдарынан 531 электронды өтінім түсіп, 1 818,6 млн. теңге субсидия төленсе, басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын субсидиялауға 575 электронды өтінім түсіп, 1 374,2 млн. теңге субсидия төленді. Сонымен қатар, 2018 жылы ақпараттық талдау жүйесі (ИАС) арқылы асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту бағдарламасы бойынша шаруашылық құрылымдарынан 1 426 өтінім қабылданып, 2 248,8 млн. теңге субсидия төленді.